Осы сөздерден кейін лақтардың барлығы жайылымға қарай жүгіреді. Жолда оларды қасқырлар апанында күтіп тұрады. Лақтар апанның шетіне жетерге жарты жолда қасқырлар оларға тап бере алады және жайылымды бөліп тұрған сызыққа дейін қуалай алады. Лақтардың Мақсаты – жайылымға қасқырлардың қолына тимей, аман-есен жету. Лақтарды қасқырлардан қожайын ғана алып алады. Ұсталған лақтар ойын соңына дейін апанда болады. Негұрлым көп лақ ұстаған қасқыр көп атаққа ие болады. Ойынды қайталау үшін жаңа қасқырларды апанға түспей, аман қалған лақтар ішінен таңдалады.

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті

уақыты: 10.40 – 11.10

	3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Тақырыбы: «Екі лак» ертегісі . ҮІӨ мақсаты: ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылын салуға, олардың сөзін дауыс мәнерімен келтіріп, диалогке қатыса білуге үйрету. Дағды: Сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді байланыстырып сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру, әрбір сөзді анық айтып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге үйрету. Күтілетін нәтиже: Жасайды: кейіпкерлерінің іс-қимылын, сөзін интонациямен жеткізе алады, диалогке қатысады. Түсінеді: ертегінің мазмұнын түсінеді. Қолданады: ертегіні сахналай алады, сұрақтарға жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: Дидактикалық ойын: «Төлдерің ата және көрсет» Балалар үй жануарларын атап, ойыншықтарды көрсетеді, төлдерін атайды және көрсетеді. Білу: Ұнтаспадан ертегіні тыңдаймыз. Сөздік ойын: «Сұрақ-жауап». Ертегі не туралы? Ертегіде неше лак? Ертегідегі лактарды сипатта.	3. Мүсіндеу – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Тақырыбы: Торсық. ҮІӨ мақсаты: қазақтың ұлттық бұйымы – торсықпен таныстыру; торсықты ермексизден мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін үйрету. Дағды: торсықты әртүрлі әдіс-тәсілдермен безендіру; торсықтың пішініне сәйкес ою-өрнектерді шығармашылықпен таңдап, әшекейлеу жолдарын түсіндіру дағдыларын меңгерту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: ермексизден торсықты мүсіндеп, ою-өрнекпен әшекейлейді; Түсінеді: торсықтың қымыз, шұбат сияқты сусындарға арналған ыдыс екенін; Қолданады: заттық мүсіндеуде жұмсарту, созу, жаю, тегістеу, жалпақтау, домалату тәсілдерін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: Торсықтың тұрмыста қолданылуы жайлы әңгімелейді. – Балалар, бұл ұлттық бұйым – торсық. Торсыққа ұзақ жолға шыққан жолаушы (ержігіт) қымызды толтырып алып шығады, жолда ішкен қымыз әрі шөл қандырады, әрі күш береді. Қолдану: Балалар, бүгін осы ұлттық бұйым, қымыз құятын әдемі торсықты	3. Сауат ашу негіздері - коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Дыбыстық талдау. [р] ҮІӨ мақсаты: дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау. Дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру. Дағды: Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатынулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: Дыбыстық талдау жасайды, сөйлем құрайды. Түсінеді: дыбыстық талдау тәсілін. Қолданады: дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Ой қозғау: «Мамандықты тап» ойынын ойнату арқылы оқу қызметі бастайды. Науқасты кім емдейді? (<i>Дәрігер</i>) Шашты кім қияды? (<i>Шапшараз</i>) Үйлерді кім салады? (<i>Құрылысшы</i>) Көмірді кім табады? (<i>Шахтер</i>) Кітапты кім жазады? (<i>Жазушы</i>) Білу: «Түсіне қара» дидактикалық ойыны Балаларға көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. Мысалы: <i>палатка, ферма, көбелек, қала, трактор, шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сүт, халық, цирк, чек т.б.</i> Балаларға көк түсті дөңгелекті	3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Аулада . ҮІӨ мақсаты: сөздік қорларын үй құстарының атауларымен толықтыру. Дағды: Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрауға жаттықтыру. Үй жануарлары туралы алған білімдерін, яғни жаңа сөздерді бекіту. Ойлау, зейін қойып тыңдау секілді дағды қабілеттерін дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: үй құстарын және үй жануарларын атайды. Түсінеді: үй жануарлары мен үй құстарына адамдар қамқор болатынын түсінеді. Қолданады: зейін қойып тыңдайды, таныс сөздерді мәтіннен таба алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: Жылжымалы суреттермен ойын: «Аулада». Балалар, мынау – аула. Мынау не? Мынау – аула. Мынау – ... (аула сөзін айтып жаттығады). Аулада не болуы мүмкін? Білу: Мынау – аула. Аулада үй жануарлары бар. Олар сиыр, қой,	3. Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Пайдалы қазбалар дегеніміз не? ҮІӨ мақсаты: Жансыз табиғаттағы заттар туралы түсінік қалыптастыру. Дағды: Олардың аттарын атап, бір-бірінен ажырата білу қабілетін қалыптастыру дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өз өлкесінде өндірілетін пайдалы қазбалардың бірнеше түрін атап береді. Түсінеді: пайдалы қазбалардың адам өміріндегі маңызын. Қолданады: зерттеу және тәжірибе жасау жұмысымен айналыса алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: балаларды Қазақстанның картасымен танысуға шақырады. Қазақстан табиғаты мен қойнауында тұнып жатқан байлық, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің алуан түрлілігі жайлы әңгімелейді. Қазақстанның «жерасты байлығы – мол қойма» атануы тегін емес. себебі мұнда көптеген пайдалы қазба байлықтар өндіріледі. Тақпақ Шахтер келді шахтаға, Көмір қазып халқына. Дайын болған көмірді, Ұсынады халқына. Түсіну: Қосымша
--	---	---	---	---	---

	(Ақ лақ және Қара лақ). Ақ лақ пен қара лақ нелерге жолығады? (Түлкіге, қасқырға) Түлкіден екі лақ қалай құтылады? (Қырдың астында қасқыр күтіп отыр). Қасқырдан екі лақ қалай құтылады? (Арыстан күтіп отыр). Қойші ата Ақ лаққа не деді? Қолдану: Балалар ертегіні сахналайды. Санамақ арқылы қасқыр, түлкі және лақтардың рөлдері бөлінеді. Балалар қалпақтарды киеді. Педагог: <i>Ақ лақ пен қара лақ әрі жүгіреді, бері жүгіреді.</i> Қара лақ: Сен Ақ Лақсың, түк білмейтін ақымақсың. Мені әрлі-берлі сүйреп жүріп, ақыры адастырдың. Педагог: <i>Ақ лақ әрі ойланып, бері ойланып, жүрген жерлерін еске түсіреді де жүгіре жөнеледі, алдарынан түлкі шыға келеді.</i> Түлкі:Әдемі лақтар, менің үйіме қонақ болып кетіндер. Ақ лақ:Түлкі, бізді Қасқыр қонаққа шақырды. Бізбен бірге жүр. Педагог: <i>Түлкі лақтарға еріп жүреді, алдарынан ақырып Қасқыр шыға келгенде Түлкі қашыпкетеді.</i> Қасқыр:Р-р-р, менің қарным аш, сендерді жеп қоям! Ақ лақ:Қасеке, әнеки, ана төбенің басында, қара тастың қасында, бізді Арыстан күтіп отыр.	мүсіндейік. Ермексазды алақандарына салып, сопақша пішінге келтіріп, осы бөліктен шымшып созу арқылы мойнын шығарамыз, екі бүйірінен үшінші саусақпен созып шымшып, қысу арқылы үшбұрыштап оюлап иіп,мүсінін келтіреміз. Торсықтың қақпағын жасау. Ермексазды алақанға салып домалақтап,фломастердің қақпағы арқылы дайын болған домалақ пішіннің ортасына ойық жасаймыз.Ойыққа саусақтың көмегімен қақпақтың пішінін орналастырамыз. Педагогтің көмегімен балалар торсықты қалауы бойынша безендіреді. Ермексазды ұзыншалап созып және есіп, «Қошқармүйіз» оюымен әшекейлеуге болады.	көрсетіп, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. Мысалы: <i>вагон, балық гараж, ғалым, диктор, жүзім, зәкір, баспахана, велосипед, газ, ғарыш, дос, зырылдауық, жалбыз, гүл, дөңгелек, ғарышкер, жер, бал т.б.</i> Балаларға көк түсті үшбұрышты көрсетіп, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. Мысалы: <i>лақ, мысық, нан, уық, мылтық, литр, нәресте, раушан, уылдырық, мәшине, радио, рауғаш, лалагүл, марғау, мал, мерген, нар, лашын, уыс т.б.</i> Қолдану: «Сөздегі дыбыстың орнын дұрыс анықта»дидактикалық жаттығуы – Балалар мен сендерге сөздер айтамын, мен айтқан дыбыс сөздің басында болса, қызыл жалаушаны желбіретесіңдер, соңында болса, көк жалаушаны, ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер. -р- (<i>ара, арман, арық, рақмет, қарбыз, қырық, рахат, рауғаш, ару, Ардақ, көзілдірік, көрік, көмір, күрес, күрек, рухани, қару, қарыз, қорық, қар, қарақат, қора, сиыр, сырмақ, қоңыр, қарға, қарлығаш, қарт, қырғыз, қырыққабат т.б.</i>); -ә- (<i>әтеш, әткеншек, әңгіме, кәрі, әтір, күнә, Күләш, бәтеңке, бәліш, әріп, Мәлік, Әлімжан, Әмір, тәтті, тәкәпар, тәрелке т.б.</i>); -м- (<i>мақта, мал, мамық, қамыр, монша, моншақ, Әмина, қамзол, қаймақ, тамыр, тамыз, көмір, комбайн, мата, мысық, том, әмір, темір, жемір т.б.</i>). Дидактикалық ойын: «Сиқырлы сандық» әдемі сиқырлы сандықтан неше	жалқы, ит, мысық. Аулада үй құстары да бар: әтеш, тауық, қаз, үйрек, күркетауық. Адам үй жануарларға және құстарға шөп, жем береді. Балалар мәтінді қайталайды. Ойын: «Жалғастыр».Мен бастаймын, балалар аяқтайды. Үй жануарлары не жейді? Үй жануарлары ... жейді. Мысық нені жақсы көреді? Мысық ... жақсы көреді. Мысыққа сүтті кім береді? Адамдар мысыққа ... береді. Адамдар құстарға жем береді. Адамдар құстарға не береді? Адамдар құстарға ... береді. (Жем сөзін айтып жаттығады). Қолдану: Малдың баласын сүюі. Қой сүйеді баласын: «Қонырым», – деп, – Ештеңені білмейтін момыным», – деп. Сиыр сүйеді баласын: «Торпағым, – деп, – Қараңғыға баспайтын қорқағым», – деп. Түйе сүйеді баласын: «Боташым, – деп, – Жәудіреген көзіңнен, тоташым», – деп. Ешкі сүйеді баласын: «Лағым, – деп, – Тастан тасқа секірген шұнағым», – деп. Жылқы сүйеді баласын: «Құлыным», – деп, –	мәлімет: Пайдалы қазбалар деп жер қойнауынан өндірілетін және адамзаттың қажеттіліктері үшін пайдаланылатын тау жыныстарын атайды. Жанар-жағармай мұнайдан алынады. Әтірлер, иіссудың түрлері де мұнайдан жасалады. Кешке сендер отбасымен бірге үйде бас қосасындар. Қолдану: Балаларды «объективті деректер бойынша бөлу» техникасының көмегімен топтарға бөлінуге шақырады. Айсұлу балаларға құм, сазбалшық пен көмірді зерттеп көру туралы ұсыныс жасайды. Адамның оларды қалай пайдаланатынын нақтылауды сұрайды. Балалар: Шағын зертханаларда (шағын топта) жұмыс істейді. Пайдалы қазбалардың өздеріне тән ерекшеліктерін айтады. Сазбалшық құрылыста кеңінен қолданылады. Кірпішті балшықтан жасайды. Сонымен қатар, балшықтың түрлі сұрыптарынан фарфор, фаянс, отқа төзімді материалдар жасайды. Балшық – қалдық жыныс. Таскөмір қара түсті, қатты, бірақ үгілгіш келеді. Құм – өте ұсақ түйірлі жыныс. Құм түйіршік түрінде болып келеді, сусылдақ. Оны құрылыста қолданады. Білу: Балаларды «Аукцион» ойынын ойнауға шақырады:
--	--	--	---	---	--

	Қара лақ:Бәээ, Арыстанды қара. Педагог: Қасқыр қатты сасқалақтайды, әрі-бері алақтап тұрады.Қасқыр: Бәлесінен аулақ. Бар жандарыңның барында кетіндер, түге!Педагог: <i>Қасқыр қаша жөнеледі.</i> Ақ лақ, Қара лақ: Алақай!!! Педагог: <i>осылайша қорықпаған екі лақ, қырды асып өз үйірлерін табады.</i> Поэзиялық сәт: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Қ-қ-қ-қ – лақ-лақ-лақ, Ақ лақ. Қ-қ-қ- қ – лақ-лақ-лақ- Қара лақ.		түрлі ойыншықтарды шығарады (<i>бота, құлыншақ, аю, мысық, мәшине</i>). Балалар ойыншықтар арқылы бір-бірімен байланысқан сөйлемдер құрап береді. Түсіну: Кесе сөзіне дыбыстық талдау жасайды. Кесе сөзінде 2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс бар. К – қатаң дауыссыз дыбыс. Е – жіңішке дауысты дыбыс. С – қатаң дауыссыз дыбыс. Е – жіңішке дауысты дыбыс. Педагог тақтаға «асық» сөзінің дыбыстық сызбасын іледі. Асық сөзіне дыбыстық талдау жасайды. 2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс. А – жуан дауысты дыбыс. С – қатаң дауыссыз дыбыс. Ы – жуан дауысты дыбыс. Қ – қатаң, дауыссыз дыбыс.	Тұлпар болып жүгірер жұлыным», – деп.	Педагог әртүрлі заттарды аукционға шығарады. Ең соңында заттың пайдаланылуы туралы ұсыныс жасаған бала жеңеді. Кезекпен нысанды пайдалану жолдарын атап береді. П: Құм қай жерлерде пайдаланылады? Б: Құрылыста, біздің құмсалғышта пайдаланады, құммен өрт сөндіреді, эксперименттер жасауға болады.
3 үзіліс – 11:10 – 11:20 Балалардың дербес іс-әрекеті Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.					

**Артикуляциялық жаттығулардың жасалуын үйрету.
«Көңілді тіл туралы ертегі»**

Ертеде бір қып-қызыл еріндердің артында аппақ тістердің арғы жығында көңілді тіл өмір сүріпті. Күнде таңертең оны сүйікті **САҒАТ** оятыпты.

**Сырт-сырт соғады сағат,
Таппайды бір тағат.**

Тілді ауыз қуысынан шығарып,оңға, солға қимылдату керек.

Сағат қалай жұмыс істейтінін көрсетейік.

Сағат қалай жүреді. **Тик-Так**

Сағат қалай жұмыс істейтінін көрсетейік.

Тіл оянып, керіліп жуынуға барады.

ТІСІН ЫСАДЫ Күлімсіреу, тістерді көсету. Жалпақ тілмен үстіңгі астыңғы тістердің сыртқы жағынан өту (тіс тазалауға еліктеу арқылы) және астыңғы тістердің де сыртқы жағын тазалау.

Тісімізді калай ысу керек екенін көрсетейік. **ШАШЫН ТАРАЙДЫ**

Тілдің қарны ашып, таңғы асқа **ШЕЛПЕК** дайындағысы келеді. Ол үшін **ҚАМЫР ИЛЕУ** керек.

Біз оған көмектесейік. **ТА-ТА –ТА** тісімізбен тілімізді тістейміз. Қамырымыз дайын енді **ШЕЛПЕК** дайындау керек. **ЛЯ-ЛЯ-ЛЯ**. Шелпек дайын. Оны **ТӘТТІ**

ТОСАПЕН жеу керек .Күлімсіреу, ауызды ашып, шыныаяқ формасындағы тілмен, үстінен астына қарай қимыл жасап, ерінді жалау. Қозғалысты жалғастыруға болады және шыныаяқ формасын бұзбай тілді алуға болады.

**Жасайды анам тосап,
жидекке шекер қосып,
Көрсем тілмен жалап,
тәтті екен балдай**

Ой тәтті тосап ерінге жағылып қалыпты.

Таңертеңгі асымыз осымен бітті,енді серуенге шыңайын.

Сендер ойнағанды жақсы көресіндер ме? **ТІЛМЕН ОЙНАУ**. Ойнап болған соң **МАШИНАСЫНА** отырып кетеді. Машина қалай жүреді көрсетейік. Тіл машинасымен келе жатса жанынан

АТ ШАУЫП КЕЛЕДІ Күлімсіреу, ауызды ашып түлдің ұшымен сыртылдату. «ат тұяғыман сыртылдатады»



Ойын: «Құстардың ұшып өтуі»

Ойын мақсаты: Қозғалмалы ойындарды ойнату арқылы төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.

Дағды:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.

Ойын шарты:

Залдың бір жағында балалар орналасқан, олар – құстар. Залдың басқа жағында «ұшып» шығуға болатын көрнекіліктер орналасқан (гимнастикалық орындықтар, шаршылар және т.б.) олар – тоғайлар. Ұстаздың «Құстар ұшады!» белгісінен кейін – балалар қолдарын қанаттар сияқты қағып, бүкіл залды шарлап, жан-жаққа қарай жүгіреді. Келесі «Боран!» белгісі бойынша тоғайларға қарай қашып, солардың арасында тығылады. «Боран тоқтады!» деген ұстаз сөздерінен кейін балалар жерге түсіп, залды аралап «ұша» бастайды. Ойын барысында ұстаз міндетті түрде балалар шығып-түскенде оларды сақтандыруы қажет.



	4. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі Тақырыбы: Қыстаудағы ойындар. ҮІӨ мақсаты: Баланың қимыл жүйесінің жаттыққандығын қимылын түзете отырып жақсарту, психо-физиологиялық және жеке қасиеттерін жалғастыру. Дағды: Талдап ойлау, қалыптан тыс шешімдер қабылдай білуге, ептілікке, күш пен төзімділікке, көпшілдікке, алған білім-біліктерін өмірде қолдану дағдаларын жалғастыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: биіктігі 60 см модульдерден жығыла асып өту, құлақ қалқанын уқалау, дүниені позитивті қабылдауды қалыптастыратын жаттығулар. Түсінеді: «Қыстау» малға ыңғайлы қысқы тұрақ екендігін, жорғалау тәсілдерінің жылдамдықпен байланысын, ең тиімді тәсілді таңдаудың маңызын, таза ауадағы қимыл қозғалыстың денсаулыққа тигізер пайдасын, аяғын 90° көтеру, оңға-солға кезек секіруді. Қолданады: ұзын сырықпен орындалатын жаттығуларды орындау, қалыпты баяу жүгіру, бір аяқпен секіру, сенсомоторлы қимыл түзету, көз мөлшері мен үйлесімді қимылдау, тепе-теңдік сақтау, жорғалап еңбектегендегі қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.	4. Музыка-шығармашылық әрекет Тақырыбы: Көктем әндері. ҮІӨ мақсаты: Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беруге баулу. Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету. Дағды: Балаларға арналған аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын игеру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: ән орындайды, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалыстар жасайды. Түсінеді: жыл құстары, қараторғай туралы мәліметтерді біледі, түсінеді. Қолданады: аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Түрлі түсті ленталармен әуенді сезіне ырғақтық қимылдарды бірге, мәнерлеп орындауға үйретуді жалғастыру. Қолдану: Ойындар, хороводтар: «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Шеңберде тұрып, ырғаққа	4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Желді қуып жет! (таза ауада) ҮІӨ мақсаты: Құбылмалы жағдайларға байланысты әрекет етуде түрлі тактикаларды қолданып, қимыл еркіндігінің деңгейін арттыру. Керілген баудың биіктігіне байланысты денені жинақтап жұмырлаудың түрлі тактикаларын қолдана білуін қалыптастыру. Дағды: Бұлшық еттің үйлесімді жұмысы үшін сәйкес рефлексстерді қалыптастыруға арналған жаттығуларды қолдануға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: шаңғымен сүйем қадам жасап жүру, шаңғымен сырғытып жүру. Түсінеді: денені жинап алу, жұмырлану астынан өтетін баудың іліну биіктігіне байланысты екендігі, жаттығуларды орындағанда қауіпсіздікті сақтау, кеңістікті мөлшерлегенде өзгелердің мүддесін ұмытпау керектігін. Қолданады: жүріп келе жатып аяқтарын аздап бүгіп, бар салмақты алға шығарылған аяққа түсіре білу, кеңістікті бағдарлау дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Тыныс алу жаттығуы «Біз спортпен айналысамыз, сондықтан жылдам өсеміз» – қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру – тыныс алу. «Күннен-күнге бойымыз өсіп барады» – қолды төмен түсіріп,	4. Музыка-шығармашылық әрекет Тақырыбы: Наурыз – жыл басы. ҮІӨ мақсаты: Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру. Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Дағды: Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу. Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: эмоционалды түрде әндерді айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалады, би қимылдарын жасайды. Түсінеді: Наурыз мерекесі күн мен түннің теңелу, табиғаттың жаңару мерекесі екенін түсінеді. Қолданады: аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Наурыз тойы» (Т. Мұратов). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.	4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Жайлаудағы ойындар. ҮІӨ мақсаты: 40-30-20 см биіктіктегі арқандардың астынан өту, 20-30 см биіктіктегі арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге үйрету. Дағды: Фитболды түрлі бағыттарда алып жүруге, фитболды саусақ басымен ақырын күштемей ітеріп жүргізу, ұсақ моториканы, балаларды жұпта ақылдасып әрекет етуге дағдылануға жаттықтыру дағдаларын жалғастыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: фитболмен жаттығуды, Түсінеді: «Жайлау» жазғы тұрақ, арқандардың астынан өту, үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білудің маңызы, таза ауаның денсаулық пайдасын. Қолданады: бірден-екіден тізбекке қайта сап түзеп тұру, фитболды алып жүру, ітеріліп аяқпен екпін алу мен уақытылы қол сермеу, түрлі қимылдарда тепе-теңдікті сақтай алу дағдылары. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Сезімдік ойын: «Табиғаттың төрт құдіреті» Жайлаудағы ойындар мен шопандардың, жылқышылардың шаруасы
--	---	---	---	---	---

	Қолдану: Сырықтар жерде жатыр. Қол жаттығуларын орындай отырып, шеңбер бойымен «құрықтарды» аттап жүру. 3-4баладан жүруге болады. Аяқты саннан 90° көтеріп, аяқты алдымен ұшына, сосын өкшеге түсіріп қою. Ырғақпен, қолды еркін ұстап, кідіріспен тыныс алып жүгіру. Түсіну: Текшелер мен сырық (ұзын ағаштармен) орындалатын негізгі қимылдардыорындау. Қауіпсіздік ережелерін еске саламыз: бір-біріне қарама-қарсы жүруге болмайды. Секірулер: сырықты жалғыз аяқпен секіріп, ілгері қарай айналып жүру.Секіргенде аяқтың басымен итеріліп, аяқтың басына қайта түсу. «Ең сақ кім екен?» Текшелерге көтеріп қойылғансырықтардың астынан түрлі әдіспен (шынтақтапжорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өту. Түрлі әдіспен (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өтеді. Сырықтың биіктігіне қарай тиімді әдісті таңдайды. Білу: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Лақтыр-қағып ал». (10 рет)Допты лақтырып, қалаған тәсілмен қайта қағып алады. Допты кеудесіне қыспай, екі қолдап қағуға тырысады.	ілесіп шапалақпен	барлық табанмен еденге түсу – дем шығару. Сап түзеп залдың бір шетінен қарама-қарсы жаққа жүру. Екі-екіден тізбекке, сапқа тұрады, қарама-қарсы жаққа жүреді, жүгіреді, адымдарын байқапбасады, бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады. Білу: Коорданацияны дамыту жаттығулары: «Көз-қол» «Көздерімен атыс» оңға – солға, жоғары – төмен (6 рет). көздерімен сағат тілімен 6 шеңбер, сағат тіліне қарсы 6 шеңбер салу. 1–9 сандарын көздерімен жазу. Көздерімен көлденең 6 сегізді жазу. Көздерімен сағат тілімен 6 үшбұрыш, сағат тіліне қарсы 6 үшбұрыш салу. Сағат тілімен көздерімен үшбұрыш, шаршы, шеңбер салу, сағат тіліне қарсы сол фигураларды салу. Түсіну: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ақшақарлар мен тентек жел» (тыныс алу гимнастикасын орындау) Балалар екі топқа бөлінеді. «Ақшақарлар» аяғының ұшымен билеп, айнала ұшып жүреді. «Тентек желдер» дем алады. Педагог: «Жел тұрды!» – дегенде «тентек желдер» шығып, «ш-ш-ш-ш-ш» деп оларды ұшыра бастайды. «Ақшақарлар» қашып, жата қалады, тығылады.	Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Қолдану: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева). Балалар музыкаға ілесіп, қорбандап, аюдың жүрісін салады. Түсіну: Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар төртке бөлініп, төрт бұрышта тұрады. Үйшікте құстар, қояндар, аттар, аю тұрады. Құстар музыкасы ойналғанда, құстар ұшып шығады. Қанаттарын қағып, шеңберді бір айналып шығады да, музыка аяқталғанда орындарына барып тұрады. Аттар музыкасы ойналғанда аттар шығып, аттың шабысын салып шабады. Қояндардың музыкасы ойналғанда қояндар ортаға шығып, қосаяқтап секіреді. Олар да музыка аяқталғанда орындарына барады. Соңында аюдың музыкасы ойналғанда аю қорбандап шығады, музыка аяқталғанда олар да орындарына барады.	жайлы әңгімелердіжалғастыру. Балалар залда бытырап жүреді. Бастаушының нұсқауларын бұлжытпай орындайды. Егер «жер» десе, қолдарын төмен түсіреді, егер «су» десе, қолдарын алға созып, суда малтағансыңай көрсетеді, «ауа» десе, құстай ұшып бара жатқандай болады, «от» десе, қолдарын созып алай-дүлей айналдыра бастайды. Түсіну: Фитболмен орындалатын арқа омыртқасын түзету жалпы жаттығуларын орындау. Шұғыл шапшаң қимылдар мен мойын, бел омыртқаларын айналдырудан, көп мөлшердегі жүктемеден абай болу керек. 1.Доптың үстінде жатып жаттығуларды орындағанда қимылдың баяу болуын, дұрыс тыныс алуды, етпетінен жатып, арқасымен допта жатып жаттығу орындағанда бас пен арқа омыртқасын бір түзудің бойында ұстап, түзетуін қадағалаған абзал. 2.Бастапқы қалып: фитболға ішпен жатып, сырғанау (денені толқындатып, созылып қимылдау). 3.Допқа арқасымен жатып алып, иіліп, созылып, допты домалатып, допқа жатудан отыруғакөшу. Бастапқы қалып – допта ішпен жатып қолмен жүру. 4.Бастапқы қалып: ішпен доптың үстінде жатып,
--	---	--------------------------	---	--	--

	Допты жерге құлатпаған жеңіскежетеді. Құлақ қалқанын уқалау Құлақ қалқанын алдыға қайырып, басқа қысып, жібере салу. Құлақтырының сырғалығын екі қолдың сұқ саусақтары және бас бармақтарымен төмен тартып тұрып жіберіп қалу. 5-6 рет қайталау. Құлақтың төмпешігін (бүршігін) уқалау. Бас бармақты құлақтың тесігіне қойып, сұқ саусақпен алдыңғы жағындағы төмпешікті ептеп қысып, жан-жаққа 20-30 секунд қозғалту. Қарсы шиыршықты уқалау. Бас бармақ және сұқ саусақпен құлақ қалқанының артындағы қарсы шиыршықты ақырын басып тұрып, жоғары-төмен сипау. Құлақ қалқанын уқалау. Құлақ сырғалықтарын екі саусақпен ұстап тұрып, ақырын умаждау, біраз уқалап алып, саусақтарды біртіндеп жоғары жылжу. 2-3 рет қайталау. Уқалауды аяқтау үшін керегі: екі қолдың бар саусағымен құлақ қалқанының шетіненұстап, сағат тілімен немесе қарсы бағытта айналдырып, уқалау.				аяғымен жерге тіреліп, қолдарын жоғары көтеріп, денені артқа қайқайту. Көтерілгенде демін ішке алу, қайта түскенде демін шығару. 5.Бастапқы қалып: допқа арқасымен жатып, алдыға еңкейіп, қайта отыру. 6.Бастапқы қалып: допқа қолын жоғары көтеріп, бір бүйірімен ұстанып қалуға тырысу. 6.Допты шалқалап жатып аяқтырымен қысып, тербелту, айналдыру, жоғары көтеру. 5-6 ретқайталау. Білу: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қарсыласынды көтер» Балалар бір-біріне қарама-қарсы отырады. Түзу қолдарына гимнастикалық таяқшаны ұстап,табанымен тіреледі. Белгі бойынша, әр ойыншы таяқты өзіне тартып, қарсыласын орнынан жұлып алуға тырысады. Қарсыласын жұлып тұрғызған бала жеңеді. Таяқты жоғары көтеріп, жан-жаққа сермеуге болмайды.
4 үзіліс – 11:50 – 12:30 Балалардың дербес іс-әрекеті Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру					

«Шалқан» ертегісін арналған тілдік жаттығулар. Тіл ұстарту жаттығуы -қан, -қан, -қан үп-үлкен шалқан. -қан, -қан, -қан ата оны тартқан. -кен, -кен, -кен әже көмектескен. -кен, -кен, -кен қызы көмектескен. -кен, -кен, -кен иті көмектескен. -кен, -кен, -кен мысық көмектескен. -кен, -кен, -кен тышқан қайда? Жоқ екен		Ойын: «Толқиды теңіз» Ойын мақсаты: балаларды тапқырлыққа, шапшандыққа, ептілікке баулу. Әдістемелік нұсқау: Ойыншылар ішінен жүргізуші таңдалады. Қалған ойыншылар бір-бірінен созылған қолқашықтығында шеңбер құрып тұрады және әрқайсысы өзі тұрған орнында шеңбер сызады. Жүргізуші тізбектеліп ойнап жүрген балаларды аралап жүреді, ал «Толқиды теңіз» деген сөздерді естіген балалар оның артынан тізіліп ереді. Кенеттен жүргізуші «Теңіз Тынышталды» – барлық ойыншылар орындарына қайтадан тұруға болады. Шеңберсіз қалған ойыншы жүргізуші болады. 			
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 11.50 – 12:00	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет Пайдалы қазбалар туралы сурет бойынша өз ойларымен бөлісу, айытқызу. (Арнұр, Нұрым, Шахнұр)	Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті 3-ші қатар оқушыларымен 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды үйрету. Дидактикалық ойын: «Санамақ баспалдақ» Мақсаты: 10 көлемінде тура және кері санау.	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекет 1-ші қатар оқушыларымен «Менің сүйікті ертегім» сурет бойынша әңгіме құрастырту. Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет (кітап оқып беру); «Ертегілерді құрастыр» Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, сөздік, тілдік кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту.	Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет (Баланың отбасы және қоғам) Жақсы деген немене, жаман деген немене? туралы әңгімелесу. 2-ші қатар оқушыларымен сурет бойынша өз ойын айытқызу.
Серуенге дайындық	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету				
	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!» 12.00 – 12:30	Ақпан Серуен-Бақылау №8 Желді бақылау (қайталау) Мақсаты: — өлі табиғат туралы білімдерін байыту; — табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Бақылау барысы	Ақпан Серуен-Бақылау №9 Күн мен түн неге ауысады? (қайталау) Мақсаты: Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні, жыл мезгілдерінің ауысуына қарай күннің ұзаруын туралы түсінік беру. Бақылау барысы	Ақпан Серуен-Бақылау №10 «Қардағы құс іздері» (қайталау) Мақсаты: қардағы құс іздерін тани білуге үйрету. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар ♦ Из дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі)	Ақпан Серуен-Бақылау №11 Жеңіл көліктерді бақылау (қайталау) Мақсаты: автомобильдер туралы білімдерін бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту.	Ақпан Серуен-Бақылау №12 Маусымдық өзгерістерді бақылау (қайталау) Мақсаты: — Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін қалыптастыру; — Қыс аяғындағы табиғат көрністерін (су

	Көркем сөз Ұйытқыма жел Ө. Ақыпбекұлы Ұбырып-шұбырып, Ұйтқиды құбылып. Ұлпадай ақ қарды, Ұршықтай үйіріп. Ұлиды қасқырдай, Ұйтқып көз аштырмай. Екпіндей соғады, Алдыға бастырмай. Баларға сұрақтар ◆ Бүгін ауа райы қандай? <i>(суық, желді, аязды)</i> ◆ Қыс мезгілінде желді қалай атайды? <i>(боран, үскірік)</i> ◆ Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауға болады? <i>(компаспен, зырылдауықпен)</i> ◆ Жел қалай пайда болады? ◆ Тәрбиеші түсіндіреді: Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады. Еңбек Сырғанақ төбешік соғу Мақсаты: бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу. Қимылды ойын «ең мерген кім?». Мақсаты: — Заттарды лақтыруға жаттықтыру; — Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту. — «Ағаш суретін сал». Мақсаты: қар бетіне әртүрлі ағаш суретін сала	Балаларға жұмбақ жасыру 1. Үлкен алтын табактан, Әлемге нұр таратқан. (күн) 2. Жартысы жадыратып нұр себеді, Жартысы қара мақпал бүркенеді. (түн) 3. Орақ болып туады, Табак болып тынады (ай) 4. Күндіз білінбейді, Түнде дірілдейді (жұлдыз) Сендер қалай ойлайсындар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады. Жыл мезгілдерінің ауысуына қарай күн мен түннің ұзақтығы да ауысып отырады. Күн жылыған сайын түн қысқарып, күндізгі уақыт ұзарады. Балаларға сұрақтар. ◆ Жұлдыздар түнде қайда кетеді? <i>(жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді)</i> ◆ Күн неге батады? <i>(жер күнді айналады, сонықтан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.)</i> Зерттеу жұмысы: Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда	Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну.. ◆ Қалай ойлайсындар, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба? ◆ Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? <i>(құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады)</i> Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі.. ◆ Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? <i>(құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)</i> Зерттеу жұмысы Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу. Еңбек Қардан қала тұрғызуға қар жинау. Мақсаты: — Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру; — Жұмысты жоспарлау. Қимылды ойын «Ізбе із». Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Елтілікке баулу. Жаттығу ойындары Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру.. Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын дамыту.	Бақылау барысы Көркем сөз «Тәртіп керек баршаға» Е.Елубаев Бұзба көше тәртібін, Ұрынасың апатқа. Қызықты өтсін әр күнің, Жақын болма шатаққа. Көшеден өтер кезінде, Абайлап қара жан-жаққа, Келе жатқан көлікке, Жол бер, өтсін, асықпа! Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды: ◆ Балабақша жанындағы жолдан өтетін қандай көліктерді білесіңдер? ◆ Барлық көліктерді қандай топтарға бөлуге болады? <i>(жеңіл, жүк, қозғамдық, арнайы көліктер)</i> ◆ Көліктер қоршаған ортаға қандай әсер етеді? <i>(ауаны түтіндерімен, асфальт бетін бензин тамшыларымен ластайды)</i> ◆ Көліктердің қандай пайдасы бар? <i>(адамдарды, жүктерді қажет жеріне тез апарды)</i> ◆ Көліктердің адамға қандай кедергісі бар? <i>(таңертең дыбыстап, ұйықтауға кедергі болады, ауаға ащы түтін шығарады)</i> ◆ Қандай машиналар көп шулайды, ауаны көп ластайды? <i>(Жүк машиналары)</i> ◆ Біздің қалада қандай машиналар көп? Неліктен? ◆ Жолдан өтерде не істеу керек, қандай ережелерді	тамшылары, қардың жібуі т.б.) көре білуге баулу. — Өлең жолдарындағы қыс көрністері туралы бейнелеуді таба білу туралы білімдерін бекіту. Бақылау барысы Оңтүстіктен жел соқты. Ол өзімен жылылық ала келді. Түс кезінде төбелерден су тамшылары көрінді. Көктемнің жақын қалғаны табиғатта біліне бастады. Ақпан қыстың соңғы айы. Ақпан айында күн ұзара бастайды. Күннің шуағы молаяды. Үй шатырларынан мұз сүңгілер пайда болады. Ақпанда жылылық сезіледі. Күртік қарлар аласара бастайды. Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: *Жиегіне шатырдың, Мұздан шеге қатырдым. (сүңгі) Балаларға сұрақтар *Қыста неше ай бар? *Қыс айларын ата? *Қыстың ең соңғы айы қай ай? *Ақпан айында табиғатта қандай өзгерістер болады? *Мұз сүңгілері қайдан пайда болады? Зерттеу жұмысы Ыдыстарға қар толтырып, біреуін көлеңкеге, біреуін күннің астына қою. Серуен аяғында қай ыдыстағы қар төмен түскенін салыстыру Еңбек Кіші балалар тобының алаңын қардан тазалауға
--	---	--	---	--	---

	білулерін бекіту. Жеке жұмыс: «Затты тап». Мақсаты: — Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту; Затты сипаттау бойынша табу.	одан көлеңке пайда болады. Таңертең, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу. Таңертең және кешке көлеңке ұзын болады, ал, түсте көлеңке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көлеңке қысқа). Еңбек : Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару. <i>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу.</i> Қимылды ойын: «Күн мен түн». Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша әрекет етуге, ойын шартын дұрыс орындауға дағдыландыру. Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту «Шығырыққа лақтыру». Мақсаты: мергендіктерін дамыту. Мақал-мәтел: Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.	Халық болжамы: *Қар көп болса, нан мол болады. *Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады. *Ит қарға аунаса, қарлы боран болады. *Қыс аязды болса, жаз ыстық болады.	сақтау керек? Еңбек Ауланы бірлесе отырып тазалау. <i>Мақсаты :</i> —бірлесе еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу; —жылдамдық пен күштерін есептей білуге үйрету. Қимылды ойын «Бағдаршам». Мақсаты: белгі бойынша әрекет етуге, қимыл-қозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету. Жаттығу ойындары Ұзындыққа секіру . Мақсаты: — Ұзындыққа секіруге, екі аяқпен итере қимылдауға үйрету.	көмектесу Мақсаты: достық қарым-қатынаста еңбек етуге тәрбиелеу. Қимылды ойын «Төбешіктен-төбешікке». Мақсаты: ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру Жаттығу ойындары «Кім жылдам». Мақсаты: Жылдам жүкіруге жаттықтыру; Орнында тұрып ұзындыққа секіру техникасын меңгерту. Халық болжамы: Мұзсұңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады.
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 12.40					
«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:30-12:40	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.

Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі: